

15 НАУРЫЗ 2022 ЖЫЛ

2022 жылдың 15 наурызында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Экономика және құқық факультеті Экономика кафедрасы бойынша құрылған «Кәсіпкерлік және еңбек нарығы» ғылыми мектептің жоспарына сәйкес экономикалық мамандықтары бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу дағдыларына белсенділіктерін арттыру мақсатында 6B04101- Экономика білім беру бағдарамасы 1 курс студенттерімен дөңгелек үстел өткізілді. Осы кездесуде студенттердің ғылым жолындағы алғашқы қадамдары жасалды. 6B04101- Экономика білім беру бағдарламасында білім алушыларды теориялық, ғылыми-зерттеу, тәжірибелік дайындық қарастырылған.

Студенттерге ғылыми-зерттеушілік дайындық екі сипатта: міндетті және ерікті сипатта болатындығы айтылды. Міндетті сипатта білім беру бағдарламасына сәйкес нақты тақырып бойынша жазбаша жұмыстар орындау. Айталық эссе жазу, кейс тапсырмаларын, жоба жұмыстарын орындау нысанында жүреді. Егер міндеттелген тапсырмалар орындалмаған жағдайда емтиханға жіберілмеу, академиялық қарыз, жазғы семестрде қайта оқу сияқты мәселелер болатындығын студенттерге қыркүйек айында эдвайзерлер мен кураторлар кураторлық сағатта айтқан болатын.

Ал бүгінгі дөңгелек үстелде айтылғаны – студенттердің ерікті түрде өз қалауларымен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу. Айталық, мақалалар жазу, конференцияларға баяндама жасау, студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарының халықаралық, республикалық, өңірлік, университетішілік конкурстарына қатынасу, стартап жобаларға қатысу.

Оқу жылының екінші семестрінен бастап, яғни оқуға қабылданып, жоғары оқу орны талабына бейімделген 1 курс студенті енді «ғылыми қадам» жасай бастайды. Міне осы бағытта жастармен кездесу өткізуде наурыз-сәуір айларында өтетін конференцияларға қандай бағытта баяндама жасау жөнінде сұхбаттастық. Құрылған ғылыми мектептің рөлі осында, ғылымға жаңа қадам басқан жастарға бағыт - бағдар беру, олардың зерттеу жұмыстарына ғылыми жетекшілік ету.

